

Балқаш алабұғасы іле популяциясының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 24 қаңтардағы N 50 Қаулысы

Мемлекеттік тапсырыс шеңберінде орындалатын жойылып бара жатқан "Persa schrenki" балқаш алабұғасы іле популяциясының биологиялық жай-күйі мен саны мөлшерінің өзгеруі мониторингі" тақырыбы бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі "Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Биология және биотехнология проблемалары ғылыми-зерттеу институты" мемлекеттік еншілес кәсіпорнына 2005 жылы Іле өзені бассейнінің су тоғандарынан (Балқаш көлінен басқа), оның ішінде:

балқаш алабұғасының табиғи таралу аймағының бірнеше стационарлық пункттеріндегі (Күрті, Қаскелең, Кіші Алматы, Талғар, Есік өзендерінің бассейндері) және олар мекендейтін екі су тоғанындағы (Есік көлі, Сорбұлақ көлі - сарқынды су жинаушы) балқаш алабұғасы іле популяциясының 160 дарақ санын аулауға рұқсат берілсін.

2. Ғылыми-зерттеу жұмысы үшін 1-тармақта көрсетілген балықтарды табиғи ортадан аулау кезінде жануарлар әлемін пайдаланғаны үшін төлем бір дараққа 80 теңге мөлшерінде белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен жануарлар әлемін пайдаланғаны үшін төлемнің республикалық бюджеттің кірісіне түсуін қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі